

# ГАЙД-НҰСҚАУЛЫҚ

---

## Креативті құзіреттілікті қалыптастырудың 4 жолы




Жақып Жансая

# 1. МИДЫҢ ЖҰМЫСЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ОЙЫНДАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР ЖАСАУ.




ӘДЕТТЕ БІЗДІҢ МИЫМЫЗ КҮНДЕЛІКТІ ҚАРАПАЙЫМ ФУНКЦИЯЛАРДЫ, ҰЙЫҚТАУ, СӨЙЛЕСУ, ТАМАҚ ЖЕУ Т.Б, АТҚАРЫП ҮЙРЕНГЕН. ОЙЛАНДЫРАТЫН, ЗЕЙІНДІ ШОҒЫРЛАНДЫРУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ЖАСАУ КРЕАТИВТІЛІГІМІЗДІ АРТТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ. МЫСАЛЫ, ШАХМАТ, КҮРДЕЛІ ПАЗЛ ҚҰРАСТЫРУ, ЖАҢА ТІЛ ҮЙРЕНУ, ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ, МАЙДА КОНСТРУКТОРЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ, КІТАП ОҚУ Т.Б.



# 2. КЕЗ-КЕЛГЕН ДҮНИЕГЕ БАСҚА ТҰРҒЫДАН ҚАРАУ.

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМЫЗДА АЙНАЛАМЫЗДАҒЫ ӘРБІР ЗАТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН ҚАРАП, ҮЛКЕНДЕРДІҢ ЕРЕЖЕСІНЕ БАҒЫНҒЫМЫЗ КЕЛМЕЙ ӘР ТҮРЛІ ҚИЯЛҒА БЕРІЛЕ АЛАТЫН, ӨЗІМІЗДІ ҰНАТҚАН КЕЙІПКЕР РЕТІНДЕ ЕЛЕСТЕТИП, ӨЗІМІЗДІ БАСҚА БІР ӘЛЕМДЕ ЖҮРГЕНДЕЙ ЕСЕЗІНЕ АЛАТЫН ЕДІК. ӨСЕ КЕЛЕ ОНДАЙ ОЙЛАРЫМЫЗ БІРТІНДЕП КЕТЕ БАСТАЙДЫ. БІРАҚ ӘР АДАМНЫҢ ІШІНДЕГІ ФАНТАЗИЯСЫ ОЛ АДАМДЫ КРЕАТИВТІЛІККЕ ӘКЕЛЕТІН ЕҢ ҮЛКЕН ФАКТОР.

ҚИЯЛЫМЫЗҒА ЕРІК БЕРУ, КҮНДЕЛІКТІ ҚАЛЫПТАСҚАН ЗАТТАР МЕН ТҰРАҚТЫ ҚАЙТАЛАНАТЫН ОҚИҒАЛАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ Т.Б ЖАСАУ АРҚЫЛЫ КРЕАТИВТІЛІГІМІЗДІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ ШЫҒАРА АЛАМЫЗ.



### 3. ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ӘЛЕМ БОЙЫНША КӨПТЕГЕН ҒАЛЫМДАР КРЕАТИВТІЛІК ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗГЕН, СОНЫМЕН ҚАТАР КҮННЕН КҮНГЕ БҰЛ ТАҚЫРЫПҚА МАҢЫЗ ҚОЙЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН АДАМДАР САНЫ АРТУДА. СОЛ СЕБПТІ КРЕАТИВТІЛІГІН АРТТЫРҒЫС КЕЛГЕН КЕЗ-КЕЛГЕН АДАМ ҒАЛАМТОР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖҮЗДЕГЕН ҚЫЗЫҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП КРЕАТИВТІ АДАМ АТАНА АЛАДЫ. СЕБЕБІ КРЕАТИВТІЛІКТІҢ ДАМУЫ ТЕК ҚАНА ҚИЯЛҒА ЕМЕС ПРАКТИКАҒА ДА ТӘУЕЛДІ. МЫСАЛ КЕЛТІРЕ КЕТЕТІН БОЛСАҚ:

- SCAMPER- ӘЛЕМ БОЙЫНША ТАНЫМАЛДЫЛЫҚҚА ИЕ ӘДІС. БҰЛ КЕРЕМЕТ СӘТТІ ТЕХНИКАНЫ АЛЕКС ОСБОРН ЖАСАҒАН ЖӘНЕ ОЛ ӘДЕТТЕРДІҢ МОНИТОРИНГІ МЕН АДАМДАР ТОБЫНДА ПІКІР АЛМАСУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. БҰЛ ӘДІСТІ ЖАҚСЫ ТҮСІНУ ҮШІН БІЗ ОСЫ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАР ТУЫНДАУЫ МҮМКІН КЕЙБІР СҰРАҚТАР ТУРАЛЫ ОЙЛАНУЫМЫЗ КЕРЕК. БҰЛ ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШУ ҚҰРАЛЫ ӨТЕ ҚАРАПАЙЫМ ЖӘНЕ ТЕЗ ОРЫНДАЛАТЫН БОЛҒАНДЫҚТАН, ОНЫ ӨТЕ ТИІМДІ ДЕП АЙТУҒА БОЛАДЫ. МҰНЫҢ КЕРЕМЕТ ЖЕРІ - ЕГЕР ОЛ БІРІНШІ РЕТ ЖҰМЫС ІСТЕМЕСЕ, ОНЫ ҚАЙТАДАН ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ. ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ СӘЙКЕС, SCAMPER ӘДІСІ 80% ЖАҒДАЙДА ОҢ НӘТИЖЕ БЕРЕ АЛАДЫ




- УОЛТ ДИСНЕЙ ӘДІСІ– БІР ІСКЕ КІРІСПЕС БҰРЫН ҮШ ТҮРЛІ КЕЗЕҢНЕН ӨТКІЗУ АРҚЫЛЫ ИДЕЯЛАРДЫ ОЙЛАП ТАБУҒА ҒАНА ЕМЕС ОЛАРМЕН ДҰРЫС ЖАСАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ. ҮШ ҚАБАТТЫ ҒИМАРАТ БАР ДЕП ЕЛЕСТЕТИҢІЗ. ҮШІНШІ ҚАБАТЫНДА АРМАНДАУШЫ, ИДЕЯЛАР ОЙЛАП ТАБУШЫ АДАМДАР БОЛАДЫ. ЕКІНШІ ҚАБАТТА СОЛ ИДЕЯЛАРДЫ ШЫНАЙЫ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНА АЛАТЫНДАЙ ЕТЕТІН, ҚИЯЛДАМАЙ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙТЫН РЕАЛИСТТЕР ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ. АЛ БІРІНШІ ҚАБАТТА ИДЕЯЛАР МЕН ШЕШІМДЕРДЕГІ ҚАТЕЛІКТЕРДІ ТЕКСЕРІП, БАҒАЛАП ОТЫРАТЫН СЫНШЫЛАР БАР. КЕЗ-КЕЛГЕН АДАМ ОСЫ ҮШ САТЫДАН ӨТКІЗУ АРҚЫЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ КРЕАТИВТІ ШЕШІМЫН ТАБА АЛАДЫ.


- АССОЦИАЦИЯ ҚҰРАСТЫРУ– КРЕАТИВТІЛІКТІ АРТТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ЕҢ ҚАРАПАЙЫМ ӘРІ КӨП ТАРАЛҒАН ӘДІС. АЙНАЛАМЫЗДА КЕЗ-КЕЛГЕН ЗАТТАР МЕН ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН СӨЗДЕР ТІЗБЕГІН ҚҰРАСТЫРУ НЕМЕСЕ КҮНДЕЛІКТІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАТТАРДЫ БАСҚА МАҚСАТТА ҚОЛДАНАЛА АЛАТЫНДАЙ ИДЕЯЛАР ҚҰРАСТЫРУ. МЫСАЛЫ, СУ ІШЕТІН БӨТЕЛКЕДЕН КІШІГІРІМ ВАЗА РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ, КІТАПТЫ ТІРЕУІШ РЕТІДЕ ҚОЛДАНА АЛАМЫЗ ДЕГЕН СЕКІЛДІ Т.Б МЫСАЛДАР ҚҰРАСТЫРУ АРҚЫЛЫ БІЗ МИЙЫМЫЗДЫҢ БАСҚАША ЖҰМЫС ЖАСАУЫНА ӘСЕР ЕТЕМІЗ.

## 4. КРЕАТИВТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҮШІН АРНАЙЫ КІТАПТАРДЫ ОҚУ.


ФАНТАСТИКА, ДЕТЕКТИВ ЖАНРЛАРЫНДАҒЫ КІТАПТАР АДАМДЫ ОЙЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ МИДЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТАДЫ, БҰЛ ӘРИНЕ КРЕАТИВТІЛІККЕ АЛЫП КЕЛЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ АРНАЙЫ КРЕАТИВТІЛІККЕ ҮЙРЕТЕТІН КІТАПТАР ДА КӨП, СОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ЕҢ ТАНЫМАЛ 3 КІТАПТЫ ҰСЫНАМЫЗ:



- **МАЙКЛ МИКАЛЬКО «ВЗЛОМ КРЕАТИВА: КАК УВИДЕТЬ ТО, ЧТО НЕ ВИДЯТ ДРУГИЕ»**  
КІТАП АТАҚТЫ АДАМДАРДЫҢ СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ОЙЛАУЫНЫҢ ҚҰПИЯЛАРЫН АШЫП, ОЛАРДЫ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ. БҰЛ КІТАПТА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ САРАПШЫ М.МИКАЛЬКО СІЗГЕ КРЕАТИВТІ АДАМДАРДЫҢ ҚАЛАЙ ОЙЛАЙТЫНЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰПИЯЛАРЫН СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ОЙЛАУ ЖӘНЕ ЖАҢА ИДЕЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ҮШІН ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАТЫНЫН КӨРСЕТЕДІ.



- **"КИТ СОЙЕР «ЗИГЗАГ. САМЫЙ КОРОТКИЙ ПУТЬ К КРЕАТИВНОСТИ»**  
КИТ СОЙЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНА, КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА, ИННОВАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕГЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ НЕГІЗДЕЙ ОТЫРЫП СЕГІЗ ҚАДАМНАН ТҰРАТЫН КРЕАТИВТІЛІКТІ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ҚАРАПАЙЫМ, ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАҒА ЖИНАҚТАДЫ. АВТОР КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫҢ БАРЛЫҚ СЫРЫН АШЫП, ТЫҢ ИДЕЯЛАРДЫҢ ҚАЙДАН КЕЛЕТІНІН АЙҚЫН КӨРСЕТІП, ОНЫ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛДЫРУ ЖОЛЫН ТҮСІНДІРЕДІ. КІТАП КРЕАТИВТІ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕТІН КЕЗ КЕЛГЕН АДАМҒА ҚОЛЖЕТІМДІ КӨПТЕГЕН ИДЕЯЛАР МЕН СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ҰСЫНАДЫ.



- **МИХАЙ ЧИКСЕНТМИХАЙИ «КРЕАТИВНОСТЬ. ПОТОК И ПСИХОЛОГИЯ ОТКРЫТИЙ И ИЗОБРЕТЕНИЙ»**  
БҰЛ КІТАП КРЕАТИВТІЛІКТІ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗГЕ ҚОЯДЫ. КРЕАТИВТІЛІКТІ НЕЛІКТЕН ДАМУҒА КЕРЕК, ОЛ НЕЛІКТЕН ӘРБІР АДАМҒА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ҚАНДАЙ ФАКТОРЛАР ӘСЕР ЕТЕДІ, ЖАҢА ИДЕЯЛАР МЕН ОБРАЗДАР ҚАЛАЙ ТУАДЫ ДЕГЕН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ.

НАЗАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ